



Әсемдік әлеміне із салған

Жұмахан жастайынан сурет өнеріне жақын болып өсті. Қолына қалам ұстаған сәтінен бастап ақ қағаз бетіне өрнектеп неше түрлі өрнектер салатын. Шабыты келетін. Бойындағы өнерге деген құштарлық сонау бала кезінен қалыптасты. Мектеп қабырғасында жүргенде сызу, сурет сабақтарын өте жақсы көретін. Балалық көңілден шыққан балаң суреттерді сол тұста сала бастады.

Жұмахан Отардың кіндік қаны тамған жері Тасты ауылы. Ал жастық шағы Раң ата ауылында өтті. Табиғаттың тылсым сырлары қызықтыратын ол сурет өнеріне жанына серік етті. Жұмаханды Әбілхан Қастеев атындағы көркемөнер сурет училищесінің сахнаны көркемдеу және бутафория бөліміне алып келгенде сол сурет өнеріне деген құштарлық еді. Аталған оқу орнында оқып жүріп ол өзінің білімін шыңдады. Талай мәрте сурет көрмелеріне қатысып, байқауларда жүлдегер атанды. Аракідік мерзімдік басылымдарға салған суреттерін жариялап, таныла бастады. Сонымен қатар газет-журналдарға мақалаларын жариялап тұрды. Ауданның безендіру жұмыстарына белсене қатысты. Ол қырық жылдан астам уақыт мәдениет саласында еңбек етті. Қызмет атқара жүріп республикалық мәдениет қызметкерлерінің білімін жетілдіру институтының театр суретшісі бөлімін бітірді.



Жұмахан Отар мүсін жасауға да шебер өнер иесі. Бүгінде зейнет жасындағы суретші ауласына сызғандық нағашысы ауданның Құрметті азаматы Әбдуәлі Баймағанбетов қарияның тапсырысы бойынша арқар мүсінін жасап қойыпты. Оны ол жарнама ретінде жасаған.

Жұмахан облыстың үздік суретшісі, мінсіз қызметі үшін медалінің иегері. Әсемдік әлеміне өзіндік із салып жүрген Жұмекең алдағы кездерде де талай туынды жасап, көрермендердің ыстық ықыласына бөлене беретініне сенімдіміз.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Жарамсыз деп танылсын

Еркинбаева Нағима Сызғанбердіқызының атына Құрал Рүстемов атындағы орта мектепті 1996-97 оқу жылында бітіргенді туралы 1997 жылғы 28 маусымдағы берілген ОА-ІІ№0174311 нөмірлі аттестаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан БАҚЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор: Теңізбаев Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ

Жауапты хатшы: Мақсат Қарғабай Редакция құрамы-

Аға тілші- Нұржамал МАЙУСОВА Тілшілер- Данияр БЕКОВ Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ Дықайшы- Асхан БАҚТЫБАЕВ Терішші- Бағила АЯЗБАЕВА

Әмірбеков Аманбай қай ауылдың азаматы?

Өткен жолы түрлі ақпарат көздерінен хабар ошарсыз кеткен жерлесіміз, жауынгер Әмірбеков Аманбай туралы аз-кем ақпаратты білген соң, шама жеткенше көмектескім келді. Өкінішкеорай, мұндай есім сайттан табылмады.

Мына бір әбден тозығы жеткен сарғайған парақта «жауынгер Әмірбеков Аманбай ҚазАССР, Созахский район, село Құмкент, 1913 жылы туылған. 1943 жылы 24 қаңтар күні опат болған. Жерленген жері Кулишовка селосы, Орджоникидзе. ҚР. 683-ші атқыштар полкінің қызыл әскері. Сапер. Партия қатарында жоқ. Отбасында Әмірбекова Оңал деген әйелі болған» деген ақпараттан басқа мәлімет жоқ. Қарап тұрсаңыз бұл да аз мәлімет емес. Сонымен, бұл кісі қай ауыл-

дың азаматы болды екен? Созақ ауданы тұрғындары тарапынан бір хабар шығып қалар ма екен? Майдангер жерлесіміз туралы ақпарат-

тар мен деректер шығып жатса редакцияға хабарласуларыңызды схранамыз.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.



Балабақша-бақыт баспалдағы

Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Балабақша – бақытты балалық ордасы. Еліміздің нағыз патриот азаматын тәрбиелеп өсіру негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектеп – ол балабақша. Балабақша келер ұрпақты еңбекке, өнер-білімге, елінің ар-намысын қорғауға және ізгі адамгершілік ниеттерге баулиды. Бұл білім ұясы келешек ел басқарар, жер суына иелік етер, ел халқын гүлдендірер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шыңдап өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя. Еліміздің жарқын болашағы жастар дейтін болсақ, жастарымыздың тәлім-тәр-

биесі алдымен отбасынан, онан соң алғашқы баспалдақ – балабақшадан басталатыны анық. «Тәрбие – тал бесіктен» деп қазақ бекер айтпаса керек. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен жаңа жыл мерекесіне орай аудан орталығы Шолаққорғанда орналасқан «Айшуақ» бөбекжай-балабақшасында жуырда «Қызғалдақ» тобының тәрбиешілері Күмісай Сапарбаева мен Айсұлу Елшібекованың ұйымдастыруымен аталған топта «Даярлық патшалығы» тақырыбымен семинар өткен болатын. Аталған семинарда «Қызғалдақ» тобының тәрбиеленуші бүлдіршіндері өздерінің өнерлерін ортаға салып, бірі

ән айтса, енді бірі би билеп, кештің көрігін кіргізді. -Балабақша ұжымы әрдайым келешек ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне қызмет етіп келеді. Балабақшамыздың жақсы жетіктерге жетуі әрбір тәрбиешінің өз еңбегінің нәтижесімен, жаңалығымен, біліктілігімен және білімділіктерімен келген дүниелер деуге болады. Біздің ұжымның әрбір қызметкерінің басты міндеті-күнделікті тәрбиеленуші бүлдіршіндерге бақыт сыйлау. «Үйренер нәрсең-білім мен мейірімділік» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, балабақша ұжымы әрбір күнін ізденіспен өткізеді. Балабақшамыз «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу-тәрбие жұмыстарын

қазақ тілінде жүргізеді. Балабақшамыздың көптеген жетістіктері бар. Бүлдіршіндеріміздің ата аналарының айтуларына біздің «Айшуақ» балабақшасы балалардың саялы мекені,- дейді «Қызғалдақ» тобының тәрбиешілері. Бүгінде жергілікті тұрғындарға сапалы қызмет көрсетіп, бүлдіршіндерімізге тәлімді тәрбие беріп отырған «Айшуақ» бөбекжай-балабақшасының ұжымына айтар алғысымыз шексіз. Ел болашағы деп білетін бүлдіршіндерімізді тәрбиелеу жолындағы еңбектеріңіз ел еніп, жұмыстарыңыз жандана берсін. Әлия ҮСЕНОВА, ата-ана.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады Индекс 64450 Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.